

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

MPHTI 16.21.47; 16.31.61; 16.21.61; 16.21.65 <https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7804.01>

**Алдаш А.¹*

*¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан
филология ғылымының докторы, профессор,
aitan_k51@mail.ru*

**АУДАРМА АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР:
ТАНЫЛУЫ МЕН НОРМАЛАНУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Елбасы Н.Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты бағдарламалық мақаласындағы асамаңызды бағыттардың бірі ретінде “тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау”, бұл істің мақсаты – әлемдік ғылымдағы жетістіктерді концептуалды түрде талдай алатын және білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау екендігі айрықша атап көрсетілді. Осыған байланысты “Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық” жобасын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыс басталды. “Ұлттық аударма бюросы” құрылды, алдын ала мәліметтерге қарағанда, соңғы жылдары гуманитарлық бағыттар бойынша әлемдік ғылыми әдебиет қорынан 54 еңбек аударылып, білім беру жүйелеріне енгізілген. Аударма арқылы жасалған бай материал қазақ тілтануының көптеген салаларының дамуы үшін маңызды. Біріншіден, аударма мәтіндердің тілі мен стилі қазақ лингвистикалық аударматануының теориялық және практикалық проблемаларының әдіснамасын, әдістері мен тәсілдерін тереңдете зерделеудің ғылыми-практикалық бай дереккөзі болып табылады, екіншіден, әлемдік ғылымдағы озық үлгілердің тәржімасы арқылы қазақ тілі лексикалық жаңалықтармен толыға түседі. Бұл ретте орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтардың да рөлі бар. Мақалада “Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық” жобасы негізінде атқарылған еңбектердегі және орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтардағы лексикалық жаңалықтар талданады. Лексикалық жаңалықтардың танылуы мен нормалануына қатысты теориялық және практикалық ұсыныстар жасалады. Эмпирикалық материалдар әлеуметтану, құқықтану, тарих, менеджмент, экономика, психология, биология салаларының аударма мәтіндерінен алынды.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP08855684).

Түйін сөздер: аударма, лексикалық жаңалықтар, нормаландыру, танылу, семантика, тілдік сана, жаңалыққа қарсылық, лингвистикалық бейімделу

Aldash A.^{1}*

*¹Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Almaty, Kazakhstan
doctor of philology, professor, aiman_k51@mail.ru*

LEXICAL INNOVATIONS CREATED BY TRANSLATION: SOME ISSUES OF THEIR RECOGNITION AND NORMALIZATION

Abstract

One of the key theses of the programmatic article of the Leader of the Nation – N.Nazarbayev “Looking into the future: modernization of public consciousness” is “creating conditions for the full education of students in history, political science, sociology, philosophy, psychology, cultural studies, philology”, the purpose of which is to train able to conceptually analyze the achievements of world science and adapted to global competition in the field of knowledge. In this regard, a large-scale work has begun on the implementation of the project “New humanitarian knowledge. 100 new textbooks”. The “National Translation Bureau” has been created and in recent years, according to preliminary data, 54 titles have been translated from the world scientific classics in the humanities. New textbooks have been introduced into the learning process and are actively used by students. The rich material created by translation is important for the further development of a number of areas of Kazakh linguistics: firstly, translated texts, their style and language are a scientific and practical source for in-depth consideration of the methodology, methods, theoretical and practical problems of Kazakh linguistic translatology, in - secondly, thanks to the translation of the best examples of world science, the modern Kazakh language is enriched with lexical innovations. Textbooks intended for the secondary education system play an important role in replenishing the vocabulary of the Kazakh language with new words. The article analyzes lexical innovations in translated texts, created within the framework of the project “New humanitarian knowledge. 100 new textbooks” and materials of the didactic base of the secondary educational system. Theoretical and practical recommendations for their recognition and normalization are put forward. The selection of empirical materials was made from translated texts of textbooks for universities and secondary schools on sociology, jurisprudence, history, management, economics, psychology, and biology.

This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP08855684).

Key words: translation, lexical innovation, normalization, recognition, semantics, linguistic consciousness, opposition to innovation, linguistic adaptation

Алдаш А.^{1}*

*¹Институт языкознания имени А.Байтұрсынова,
Алматы, Қазақстан,
доктор филологических наук, профессор, aiman_k51@mail.ru*

ЛЕКСИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ, СОЗДАННЫЕ ПУТЕМ ПЕРЕВОДА: НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИХ УЗНАВАНИЯ И НОРМАЛИЗАЦИИ

Аннотация

Одним из ключевых тезисов программной статьи Лидера нации – Н.Назарбаева “Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания” является “создание условий для

полноценного образования студентов по истории, политологии, социологии, философии, психологии, культурологии, филологии”, цель которого – подготовка кадров, умеющих концептуально проанализировать достижения всемирной науки и адаптированных к глобальной конкуренции в сфере знания. В связи с этим начата масштабная работа по реализации проекта “Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников”. Создано “Национальное бюро перевода” и за последние годы, по предварительным данным, переведены 54 наименований из мировой научной классики по гуманитарным направлениям. Новые учебники внедрены в процесс обучения и активно используются студентами. Богатый материал, созданный путем перевода, имеет важное значение для дальнейшего развития ряда областей казахского языкознания: во-первых, переводные тексты, их стиль и язык являются научно-практическим источником для углубленного рассмотрения методологии, методов, теоретических и практических проблем казахской лингвистической транслатологии, во-вторых, благодаря переводу лучших образцов мировой науки обогащается современный казахский язык лексическими инновациями. В пополнении словарного состава казахского языка новыми словами играют важную роль и учебники, предназначенные для системы среднего образования. В статье анализируются лексические инновации в переводных текстах, созданные в рамках проекта “Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников” и материалы дидактической базы средней образовательной системы. Выдвигаются теоретические и практические рекомендации по их узнаванию и нормализации. Подбор эмпирических материалов произведен из переводных текстов учебников для вуза и средних школ по социологии, правоведению, истории, менеджменту, экономике, психологии, биологии.

Данная статья финансируется Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Грант №АР08855684).

Ключевые слова: перевод, лексические инновации, нормализация, распознавание, семантика, языковое сознание, противостояние к новшеству, лингвистическо адаптивное

Кіріспе. Елбасы Н.Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламасында әлемдік гуманитарлық классикалық ғылыми әдебиеттің аударма нұсқаларын жасап, осы арқылы білім алушылардың – болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті даярлау ісінің маңыздылығы атап көрсетілді [1].

Аударма ісі, аудару үдерісі және аудару үдерісінің нәтижесі (ауызша және жазбаша мәтін) туралы ұзақ жылдар бойында жүргізілген зерттеулер мол, оларда дәстүрлі ұстанымдар негізге алынғаны белгілі. Дәстүрлі ұстанымдар ұғымы «жақсы / нашар аударма» деп бағалау, екі тілдегі сәйкестіктер қандай деңгейде, аударудың түрлерінің (сөзбе-сөз, балама, еркін аударма) қайсысы қолданылған, трансформацияның, элиминацияның болу себептері неде деген мәселелерді қамтиды. Және бұл аталғандар көбіне-көп көркем шығармалар тәржімасының ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Атап өтер жайт – әлемдік лингвистикада, қазақ тілтанымында да аударманың теориялық және практикалық проблемалары әдеби туындыларды талдауға негізделеді. Функционалдық стилдердің аударылу ерекшеліктеріне арналған еңбектер аз. Тіл қолданысының осы тармақтарының зерттелуі қазіргі қазақ тілтанымының қолданбалы мәселелерін зерделеуде маңызды. Біріншіден, қазіргі қазақ мәдениетінде ғылыми және ресми-іскери, оқу-ағарту әдебиетін тәржімалау ісі кең көлемде дамыды. Екіншіден, көркем шығарма мен осы стилдік тармақтардың аударылуында ерекшеліктер бар. Ерекшеліктердің бастысы – ғылыми және ресми-іскери, оқу-ағарту әдебиетін тәржімалау аудару тәсілінің қатаң таңдалуында, яғни бұларда еркін аударма тәсілі қолданылмайды. Дегенмен мәтіннің мазмұны мен түпнұсқа авторының баяндау ерекшеліктеріне қарай сөзбе-сөз тәржімалаумен қатар балама аудару ісінің игерілуіне де мүмкіндіктер болады. Функционалдық стилдер мәтіндерінің аудармасында түсіріп тастау (элиминация), орнын ауыстыру сияқты көркем шығарма

тәржімасында қолданылатын тәсілдер болмайды. Функционалдықдискурс мәтіндерін аударуға қойылатынталаптың бастысы – түпнұсқадағы ақпаратты толыққанды жеткізу, сондықтан бұнда сөзбе-сөз аудару, қалай болғанда да түпнұсқадан ауытқымау амалдарын іздестіруге айрықша мән беріледі, аудармашының ұстанатын негізгі позициясы осы болады. Бірақ бұл талап та жеткіліксіз. Ғылыми, оқу-ағарту мәтіндерін екінші тілге аударуда лингвомәдени бейімделу аса маңызды. Лингвомәдени бейімделу дегеніміз – ақпаратты, білімді берумен қатар екінші тілде (аударылған тілде) оқитын адамның төл тілінің заңдылықтарының сақталуы, төл тілдің барлық мүмкіндіктері мен заңдылықтарын дұрыс қолдану арқылы оқырманның эстетикалық тұжымын қалыптастыру. Бұл жөнінде В.А.Маслова “біздің санамызда “табиғи суретті” қалыптастыратын нақты (реалды) тілдік бірліктерді қолдану керек” деп дәл айтқан”[2, 20].

Демек, көркем аударма үшін айтылатын түпнұсқа сияқты сезіну (перцепция), әсерлілікті (эффект) сақтау функционалды дискурс мәтіндерінің тәржімасы үшін де маңызды. Сондықтан қазіргі аударма мәтіндерді лингвомәдени, лингвокогнитивтік, лингвокоммуникациялық призма арқылы талдау бағыты өріс ала бастады.

Бұл – лингвистикалық аударматанудың өз алдына жеке, күрделі мәселелерінің бірі.

Әдістеме. Зерттеуде жаппай іріктеу, мәселеге қатысты әртүрлі саладағы зерттеулердегі тұжырымдарды қорытуға, ғылыми болжамдарды жинақтауға, эмпирикалық материалдарды түсіндіруге бағытталған әдістер және семантикалық талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер. Тақырыпқа қатысты кейбір мәселелерді нақтылау мақсатында төмендегі мәселелер жүйеленеді:

1) Аударма ісі және аудару үдерісінің нәтижелері

2) Сөздік құрамды байытудағы рөлі.

3) “Жаңа гуманитарлық білім. 100 оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиеттегі лексикалық жаңалықтардың түрлері

4) Танылу ұғымы. Нормаландыру.

Аударма ісі және аудару үдерісінің нәтижелері. Сөздік құрамды байытудағы рөлі.

Өткен ғасырдың соңын ала және жаңа ғасыр басында қазақ тілінің сөздік құрамындағы өзгерістер сөзтудырушы тұлғалардың белсенділігіне, сөз мағыналарының өзгеруіне қатысты. Осының нәтижесінде пайда болған жаңа сөздерді / тілдегі жаңалықтарды / лексикалық жаңалықтардытоптастыру, пайда болуына ықпал жасайтын көздерді анықтау, белгілі бір моделдер бойынша жүйелеу қажет. Осындай еңбектердің нәтижесінде тілдің ішкі қоры мен заңдылықтарының мүмкіндіктері, тіл динамикасындағы сипаттарды бақылау, әдеби норма мәселелері бойынша көптеген проблемалардың шешімі табыла түседі.

Талқылау. Қазақ әдеби тілі динамикасының қазіргі жағдайында аударма әдебиеттің тілдің толығы процесіне үлесі қандай деген проблема жеке талдауды қажет етеді. Өйткені қазіргі аударма ісі қазақ тілінің сөздік құрамындағы негізгі өзгерістерді танытатын арналардың бірі болып отыр. Ресми-іскери стиль, заңнамалық құжаттардың негізгі мәтіні өзге тілде жасалып, қазақ тіліне тәржімаланып келеді. Оқу-ағарту, ғылыми әдебиеттің аударылған нұсқаларының көлемі мол. Тәржіма жасау ісінде қалай болғанда да шығармашылық сипат болады, шығармашылық үдерістің бір көрінісі – түпнұсқадағы денотат мағыналы тілдік бірліктерге, терминдер мен терминдік сөз тіркестеріне екінші тілден балама табу. Бұлайша болуы екі мақсатқа сәйкес келеді: бірі – тіл саясатының талаптарын назарда ұстау, яғни өзгетілдік аталымдардың мүмкіндігінше тіл қорынан сәйкестіктерін іздеу және ұсыну(терминдерді қазақыландыру бағыты), екіншісі – аударма мәтіннің адресатқа (қазақтілді қауымға) түсінікті болуын көздеу.

Түпнұсқа тілдегі номинативті атаулардың қазақ тілінің ішкі әлеуеті арқылы баламаларын табу, ұсыну арқылы лексикалық жаңалықтар (әрі қарай – ЛЖ) пайда болады. алайда ұсынылған ЛЖ екінші тілде (аударылған тілде) оқитындарға “бейтаныс” болатын реттері бар, сондықтан аударма ісінде транслитерация, жартылай калька үлгілері де

қолданылады. Осы соңғыларының болуы әсіресе ғылыми әдебиет аудармаларында жиі ұшырасады.

Мақсат-мүдделердің жалпы көрінісі, ЛЖжәне транслитерация, калькалау жолымен жасалған тілдік бірліктер жөнінде “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы бойынша жасалған еңбектер мен орта білім беру жүйесіне арналған дидактикалық базабіршама фактілер бере алады. Логика, философия, менеджмент, биология, экономика және құқық ғылымдары салалары бойынша жасалған ғылыми және оқу-ағартуаударма әдебиетінен жаппай іріктеу нәтижесіарқылы аударма мәтіндерде қолданылған ЛЖ (лексикалық жаңалықтар), ғылыми мазмұндытерминдердің аударма мәтіндердегі көрінісі, ЛЖ үлгілерінің қазақ тілінде нормалана бастаған нұсқалары, бекітілген терминдер тізбесіндегі лексикалық жаңалықтардыңаударма үдерісі мен нәтижесінде игерілу деңгейі,авторлардың өз шығармашылығы арқылы ұсынылған үлгілер (эксперимент түрінде) жинақталды.

“Жаңа гуманитарлық білім. 100 оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиеттегі лексикалық жаңалықтардың түрлері

Біріншіден, “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиетте[3; 4; 5; 6; 7; 8]ЛЖ айтарлықтай көп емес. Бұған себептің бірі – түпнұсқаны тілі мен стилінде, баяндау тәсілінде; екіншіден, логика, философия, менеджмент, биология, экономика салаларының халықаралық стандарттардағы терминдері түпнұсқаға сәйкесқазақ тілінде де нормаланған (*логицизм, аскетизм, эвдемонизм, фрустрация, пропозиция, референция, перцепция, позитивизм, верификация, процессор, элемент*), үшіншіден, олардың қазақша баламасын жасау үшін түсіндірме амалын қолдану керек болады (мысалы,*перцепция – активный процесс извлечения информации об окружающем мире; фрустрация – особое эмоциональное состояние*); түсіндірме жолы сөз тіркесімділігі арқылы жүзеге асады, ал бұл терминге қойылатын талаптарға сәйкес емес.

“Қазақ тіліндегі жүз оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиеттен жинақталған фактілердің жалпы сипаттамасы төмендегіше:

– нормаланған, нормалана бастаған және терминологиялық сөздіктер тізбесіне енгізілген сөздер игерілген:*бағдаршам, жеке тұлға, заңды тұлға, жағажай, пайыз, теңгерім, алқаби, бейімделу, әлеуметтану, жаңғыру және т.б.;*

– нормаланған, нормалана бастаған және терминологиялық сөздіктер тізбесіне енгізілген ЛЖ-ның өзге тілдегі баламалары қолданылған: *комплекс, интеллектуалды, континент, рецензент, интуиция, концепция, гипотеза, потенциал, лаборатория, мотивация, консенсус*(көрсетілгендердің нормаланған баламалары – *кешен, зияткерлік, құрылық, сарапшы, сезіну, тұжырымдама, болжам, әлеует, зертхана, уәждеме, мәміле*)

– жарыспа қолданыстар бар: *принцип /ұстаным, комплекс / кешен;*

– тарөрісті терминдер транслитерацияланған: *пропозиция, референция, перцепция, позитивизм, верификация, процессор, элемент, континент, комплекс, дедукция, имманентті, эксплицитті, абдукция, принцип, формула, импликация, делимитация, контекст, репрезанта, интерпретант, интроспекция, логицизм, аскетизм, эвдемонизм, фрустрация;*

– терминдік сөз тіркестерінің қатарында калькалау жолымен жасалған ЛЖ едәуір: *автокинетикалық феномен, әлеуметтік агрессия, әлеуметтік репрезентация, әлеуметтік салғырттық, диспозициялық атрибуция, жағдайлық атрибуция, салыстырмалы деривация, аутгрупптың ұқсас болу эффектісі, символдық интеракционизм;*

– индивидуалды ЛЖ қатары да кездеседі: *білдірім, жанашырлық (эмпатия), беймаза құштарлық, қауіпсіз құштарлық, әлеуметтік салғырттық, теңестіргіш, иландыру.*

Аударма әдебиетпен салыстырғанда мектеп оқулықтарында ЛЖ сандық көлемі жағынан мол. ЛЖ қатарының мол болуы себептерінің бірі – авторлар жазба нұсқалардың басқа түрлерінде қолданыла бастаған және нормалық сипат ала бастаған ЛЖ-мен таныс және

оларды пайдалануды дұрыс деп тапқан (*нәруыз, дәмдеуіш, галамшар, гүлшанақ, орамжапырақ, қырыққабат, қандауыр*) екіншіден, ұсынылған және бекітілген терминдер тізбесіндегі ЛЖ-ларды толық меңгерген деуге болады (*көзбұршақ, түрөзгеріс, жарғақша, жабын ұлпа, көзішелеп телу, нақнұсқа, дәмдеуіш, желбағар (флюгер), уыт (токсин), жасасымықша*), үшіншіден, өз тараптарынан эксперимент түрінде, авторлық қолданыс ретіндегі ЛЖ ұсынған (*үлескі, топсеруен, қорыққор, кеппешөп, кеппеөсімдік, тәлімбақ, зерзат, үлескі, сынауыр (пробирка), тамшуыр (пипетка)*).

Осы мол фактілер қазақ қолданбалы лингвистикасының аспектілері аясында зерттеулер жүргізуді күтеді. Зерттеулер арқылы:

- аударма әдебиет арқылы жасалған лексикалық жаңалықтар үшін тілдің ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері қаншалықты игерілген;
- нормалану мүмкіндіктері қандай, яғни норма дәрежесіне көтеріле ала ма;
- норма дәрежесіне көтерілуі үшін аударма арқылы жасалған ЛЖ қандай сатылардан (репродуктивті, рецептивті, продуктивті) өткенде ғананорма дәрежесіне көтеріле алады;
- лексикалық жаңалықтар индивидуалды қолданыстан ұжымдық қолданысқа айналуының немесе бұлайша болмауының себептері недедеген мәселелер қарастырылуы тиіс. Проблемаларды осылайша таратып талқылағанда, ең бастысы – қазіргі қазақ тіліндегі ЛЖ-ның танылуы қолданысқа түсуі анықталады.

Танылу ұғымы. Нормаландыру.

Танылу / тану сөзінің қарапайым мағынасы – заттың, бұйымның қандайда бір белгісі арқылы оларды білу, өзге заттар мен бұйымдардан ажырату, ал ұғым мен түсінікке келгенде, санада орныққан моделдермен салыстыра отырып қабылдау дегенді білдіреді. Санадағы тану / танылу, білу / ажырату процестері қасиеттер мен сапаларды, белгілерді білдіретін сөз арқылы жүзеге асады. Зат пен бұйымның белгілері сөз арқылы неғұрлым айқын болса, оны ажыратуда қиындық бола қоймайды. Бұндайда тілдік моделдердің рөлі жоғары. Қазақ тілі – жалғамалы тіл, көптеген ЛЖ қосымшалардың көмегі арқылы жасалады, моделдер қалыптасады. Мәселен, алғашқы пайда болған *жағажай (пляж)* сөзінің құрамындағы «жай» сөзінің мағынасы (“мекен, орын”) айқын және ол белгілі бір моделдер жасауға сөз-форма ыңғайында белсенділік танытты, сөйтіп, *жылыжай, әуежай, мекенжай, өсімдікжай, тұрғынжай, жапсаржай* сөздері пайда болды, олар тез нормаланды. Танылуына келгенде, сөйлеу сегментіндегі дыбыстардың ұқсастығы да әсер етеді. Сондай-ақ гибрид моделдер де тез танылады, өйткені түбірдегі сөз кірме сөз болғанымен, оған жалғанатын қосымша сөзтудырушы мейлінше таныс модел: *автомат-тан-дыру, функционалды, эстафета-лық, вегетатив-ті*.

ЛЖ жасауға қатысатын төл тілдің өз әлеуетінің маңызды бөлігінің бірі – тіл қорындағы сөздердің мағыналық өзгерістері (мағыналардың кеңеюі).

Төл тілдегі сөздердің семантикалық көлемінің кеңеюі (семантикалық коннотаттарының, ауыспалы мағыналарының) үдерістері нәтижесінде семантикалық дериваттардың пайда болуы – күрделі құбылыстардың бірі. Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында айқын көрініп, белсенді игеріліп келе жатқан бұл құбылыс семасиология саласының аспектілері тұрғысынан жете зерттеуді қажет етеді.

Семантикалық дериваттардың танылуы олардың мағыналарының талдануына, эпидигматикалық қатынастардың нақтылануына тікелей байланысты. Бұлайша зерттеу қазіргі қоғам мүшелерінің ЛЖ-ны тануына, коммуникацияға қатыстыруына, одан әрі нормалануына мүмкіндік жасайды. Мәселен, *ақы* сөзімен келетін бірқатар ЛЖ бар, олар талдауды, түсіндіруді қажет етпей-ақ нормаланған, өйткені *ақы* сөзінің семантикасы айқын, сондықтан *өтемақы, үстемеақы, жәрдемақы, шәкіртақы, сыйақы* типтестерде теңбе-тең мағыналық қатынастар орныққан. Сондай-ақ *үлескер* және *үлескі* сөздеріне назар аударалық. Алдыңғысы – қоғамдық-саяси лексиканың бірі, екіншісі орта білім беру жүйесіне арналған оқулықта (биология) қолданылған: *Мектеп жанындағы үлескідегі жұмыстардың оқушылар*

үшін тәрбиелік маңызы зор (оқу бағдарламасынан). Белгілі бір моделдер қалыптастыруда белсендісөзтудырушы қосымшаның (-қы/-кі;-ғы/-гі: сыртартқы, қондырғы, түсіргі) қызметі айқын, алайда *үлескі* деген ЛЖ екі түсіндіруді қажет етеді: а) өзге тілдегі баламасын беру және ә) *үлес* сөзінің мағыналық ядросын және шеткергі аймақтағы мағыналарын сараптау.

Лексикографиялық еңбектердің мәліметі бойынша *үлес* – сыбаға, тиесілі деген мағынада [9, 129]. “Үлестен құр қалу” типтес фразалық тіркестерді қоспағанда, *үлес* сөзінің ядролық семантикасы арқылы *үлеспұл*, *үлес салмағы*, *үлестік әдіс*, *үлестік меншік*, *үлестік міндеттеме* сияқты экономика, шаруашылық терминдері түзілген. Бұлардың барлығында даттесілі, меншік мағыналары – негізгі, ядролық мағына. Сонымен қатар шеткергі мағына ретінде *бөлік*, *бөліп алынған*, *бөліп берілген* мағыналары да бар. Осы соңғы шеткергі семантика *үлескі* сөзінің жасалуына негіз болған. Алайда осы ЛЖ-ны қабылдаушы (тілдің төлиесі) санасында бір-біріне қарама-қарсы процестер жүріп жатады: а) *үлес* сөзінің *тиесілі*, *сыбаға* мағынасы таныс, қосымшаның (-кі) сөзтудырушы қызметі мен мағынасы таныс; бірақ: *үлес* сөзінің шеткергі мағынасы таныс емес немесе көмескі; ә) іздестіру, салыстыру процестері басталады, яғни мәнмәтіндегі қолданысынан түсінік іздейді, сөздіктердің көмегіне барады, маманның түсіндіруіне мұқтаж болады; б) бұл шаралар нәтиже бермеуі де мүмкін; өйткені *участок* термині үшін *телім* баламасы нормалана бастаған (жер телімі); жиі қолданысы, қоғамдық мәні арқылы актуалданғандықтан ол тілдің төлиесіне мейлінше / біршама таныс; сөйтіп, ақырында, *үлескі* сөзі әмбебап-заттық код-ұғым ретінде санаға жете алмайды.

Қоғамда орныққан қазіргі қостілділік жағдайында және үштілді білім беру жүргізіле бастаған кезеңде (ағылшын тілін әртүрлі деңгейде білетіндердің саны өскен) қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалған ЛЖ-ларды тану процесі екі түрлі бірдейлестіру арқылы жүреді: олар – тілдік бірліктерді тұтастай тану және тілдік бірліктердің бөлшектерін (сыңарларын) тану. Семантикалық өзгерістер арқылы жасалған ЛЖ-ларды тұтастай тану күрделірек. Өйткені тілдің төлиесінің жадында, менталды лексиконында, лексикалық қорында қазақ тілінің байырғы, сирек қолданыстағы сөздері, жергілікті тіл ерекшеліктері болмауы мүмкін. Бұған себептердің бірі – ақпараттар ағынын жеткізетін тілдік бірліктердің стандарттала бастағандығында. Осы себепті мектеп оқулықтарында берілген *жасуның*, *бытыранық*, *қандауыр*, *тәмсақ* типтестер белгілі бір ұғымның атауы ретінде бірден қабылданбайды, оларды өзге тілдегі баламасы арқылы түсіндіруге тура келеді. Одан әрі тілдің төлиесінің коммуникацияға араласуында өз санасында орныққан және жүйеленген тілдік бірліктің (санада эталон тілдік бірлік бар, ол – өзге тілден енген сөздер) қолданысқа түсуі басым болады.

Тілдік бірліктердің бөлшектерін (сыңарларын) тану ЛЖ-лардың танылуына, одан әрі нормалануына жол ашады.

Қазақ тіліндегі ЛЖ-лардың біразы сөз біріктіру және қосымшалардың қызметі арқылы жасалған. Тіркесімділік қабілеті де ЛЖ жасауға қатысады. Мәселен, *тәлімбақ*, *топсеруен*, *қорыққор*, *іріктеме*, *теңестіргіш*, *білдірім*, *сынауыр*, *тамиуыр* / *тамызғы*, *үлкейткіш әйнек*, *қауіпсіз құштарлық*, *әлеуметтік салғырттық* тәрізді ЛЖ-ларды таратып көрелік.

Графикалық-дыбыстық ресімделуі, мағынасы жағынан *тәлім*, *бақ*, *топ*, *серуен*, *үлкейткіш*, *әйнек*, *сынау*, *тамыш*, *тамызу*, *қауіпсіз*, *әлеуметтік*, *құштарлық*, *салғырттық* сөздері тілді пайдаланушыға функционалдық жүктеме жасай алмайды. Себебі олардың мағынасы айқын, қазіргі коммуникацияда, ауызша коммуникацияда да, әртүрлі ғылым салаларында жаңа атаулардың жасалуына тірек ретінде біршама өнімділігі бар тілдік бірліктер: *тәлім* – *тәлімгер*; *бақ* – *саябақ*, *топ* – *топтық жұмыс*, *топтама*, *топтастыру*; *қауіпсіз* – *қауіпсіздік*, *қауіпсіз аймақ*; *әлеуметтік* – *әлеуметтану*, *әлеуметтену* (социализация); *сынау* – *сынама*, *сынақ*. Тағы бір тобы дерексіз ұғымды білдіретін, бекітілген терминдер тізбесінде берілген: *құштарлық*, *салғырттық*, *үлкейткіш*. Зерттеушілер бұл жайтты былайша түсіндіреді: “...значение слова в целом складывается из совокупности его значений во всех более или

менее стандартных, социально осознаваемых ситуациях с учётом степени актуальности и, следовательно, «глубины залегания» в сознании носителей языка» [10].

Аударма арқылы жасалған еңбектердегі *қорыққор*, *іріктеме*, *білдірім*, *теңдестіргіш* сөздері де ЛЖ қатарына жатады. Алайда олардың стандарттылығы, әлеуметтік танылуы, қолданыстағы актуалдылығы, санада тереңдеп орнығуы жағынан «жағдайы» әркелкі. Қорық сөзі «заповедник» ұғымының баламасы ретінде айқын мағынада қазақ жазба коммуникациясында термин ретінде орныққан. Ал *қорыққор* сөзінің екінші сынары – *қор* тілдік бірлігі қысқаша түрде тоқталуды қажет етеді. Академиялық зерттеуде берілген түсініктемені толығымен келтіреміз: “Қазақ тілінде – қор форманты жұрнақтық санатты болғанмен, өзінің жалпы тектік сипаты жағынан өз алдына дербес сөз болып табылады. Бұл форма және қорек лексемасы “быть приверженным, привязанным” және “пища” мағынасын білдіретін хордэн, хорак сөздерімен тектес” [11, 305]. Дегенмен *еңбекқор*, *шаруақор*, *айлақор* деген сөздердегі екінші сынардың *қорек*, *қоректену* лексемасына байланысының дәлелденуі екіұштылау және жеткіліксіз деп танымыз. Өз тарапымыздан *бізқорек* және «фонд» мағынасындағы *қор* сөзі түптөркіні бір, ал *еңбекқор*, *қорыққор* лексемаларындағы *-қоржәне -кер* (еңбеккер) вариант, функционалды қосымшалар деп болжам-пікір ұсынамыз. Ал *қорыққор* сөзінде *қор биржасы*, *ұлттық қор*, *өндіріс қоры*, *айналмалы қор*, *қор жинау*, *қайырымдылық қоры* тіркестеріндегі “байлық, запас,ресурс” мағынасы алынған. Демек, танылуына кедергі болып тұрған факторлардың бірі– тілдегі омонимия құбылысы, екіншісі – эстетикалық принцип [12].

Білдіру сөзі графикалық-дыбыстық және мағыналық тұрғыдан тілді пайдаланушының идиолектісінде де, социолектісінде де бар. Сөзтудырушы қосымша -ім де – ЛЖ жасауға қатысатынаса өнімді қосымшалардың бірі. Алайда аудармашы тарапынан жасалған (авторлық қолданыс, эксперимент қолданыс) *білдірім* сөзін тану қиын. Бұндай реттерде мәнмәтіндегі қолданысына қарауға тура келеді. Аударма әдебиетте былайша берілген: Басқа философтар мағына туралы сөз қозғаса, Фреге білдірімнің референциясы мен білдірімнің мағынасы арасындағы айырмашылықты алға тартады [4, 164]. Бірақ мәнмәтін де ЛЖ мағынасын дәл таныта алмайды.

Қорытынды. Қазақ мәдениетінде аударма әдебиеттің маңызы зор. Тәржіма арқылы жасалатын жазба нұсқалардың қазақ тілді қауымның ғылыми-танымдық, эстетикалық ой-өрісін кеңейтетіні, білім кеңістігін толықтыратыны, әсіресе қазіргі заманда барлық салалардағы мамандардың жаһандану үдерістеріндегі бәсекеге төтеп бере алатын қабілетін қалыптастыратыны қайталап айтуды қажет етпейді. Сонымен қатар қазақ тілінің лексикалық құрамындағы өзгерістерге назар салсақ, өзгерістердің басым дені жаңа сөздердің / лексикалық жаңалықтардың пайда болуына байланысты екендігін көреміз. Тіл дамуында қазақ тілінің өміршеңдігі үшін де, жаһандануға қарсы тұратын ұлттану үдерістерін дамыту үшін де тіл байлығын қазақыландыру ісі қарқынды сипат алып отыр. Ал бұл іс негізінен аударма арқылы жасалады, аудармажаңа сөздерді ұсынады. Алайда жаңа сөздердің / лексикалық жаңалықтардың нормалануы – біршама баяу процесс. Әрине, қолданыс жиілігінің артуына байланысты нормаланатын немесе кодификатор нұсқалар арқылы нормаланатын (прескриптивті норма) лексикалық жаңалықтар болады. Дей тұрсақ та нормалануы баяу жүретін лексикалық жаңалықтар да едәуір. Баяулықтың себебі жаңа сөздердің танылуына байланысты. Танылуына кедергілер: а) қазіргі кезеңде қоғам мүшелерінің лексиконына әсер ететін арналар – масс-медиа және әлеуметтік желілердің тілі мен стилі, оларда ақпаратты жеткізудің стандарт формалары (локалды тілдік бірліктер) қалыптасқан; ә) жазба нұсқалардың (әсіресе көркем әдебиет пен ғылыми әдебиеттің, ресми-іскери дискурстың) рөлі бәсең; б) қазіргі қоғам мүшелерінің санасында өзге тілден енген номинациялар әбден орныққан, осы орнықтылық жаңадан пайда болған қазақыландырылған атауды тануға, қабылдауға қарсылық тудырады (жалпы адам санасында кез келген жаңалыққа алдымен қарсылық пайда болады). Жаңалықты қабылдау психолингвистикалық

зерттеулерге қарағанда, күрделі құбылыс. Ғалымдар қабылдау кезінде санадан өткізу, пайымдау процесінің жеткілікті қарастырылмағандығын да айтады. Өзірше анықталғаны –Е. Зимняяның көрсетуінше, “любой акт восприятия включает осмысление. Стремление осмыслить, понять то, что человеческому сознанию даётся извне, следует рассматривать как универсальную черту всей познавательной деятельности человека” [13].

Қазақ тілінде лексикалық құрамды жаңа сөздер арқылы жаңарту, толықтыру процесі қарқынды жүріп келеді. Маңызды істердің бірі – оларды таныту және нормаландыру. Бұл істе білім беру жүйесінің лингводидактикалық базасына қажетті жаңа сөздердің лұғатын түзу, жаңа сөздерді оқытуға арналған әдістемелік құралдар жасау тиімді. Бұлар мәселенің практикалық жағын реттейді. Сонымен қатар жаңа сөздерді танытатын, нормаландыратын бағыттағы жұмыстардың маңызды ретінде семантикалық, сөзжасамдық талдауға негізделген ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy [Пайдаланған уақыты: 5.04.2021]
2. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. Москва: Наследие, 1997. – 208 с.
3. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 464 б.
4. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы // Қазіргі заман философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 420 б.
5. Шо М. Н. Халықаралық құқық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 584 б.
6. Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 648 б.
7. Гриффин Р. Менеджмент. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 768 б.
8. Мэнкью Г.Н., Тейлор М.П. Экономика. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 848 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2006. – Т.15. - 828 б.
10. Сахарный Л.В. Психолингвистические аспекты теории словообразования. – Ленинград: ЛГУ, 1985. – 97 с.
11. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
12. Алдашева А. Лексические новообразования в современном казахском литературном языке (на материале периодической печати): автореф. канд. дисс. -Алматы, 1992 - 25 с.
13. Крысько В.Г. Общая характеристика сенсорно-перцептивных процессов. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pedagog/krysko2/08.php [Пайдаланған уақыты: 5.04.2021].

References:

1. Nazarbaev N. Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy [Paidalangan uakyty: 5.04.2021]
2. Maslova V.A. Vvedenie v lingvokulturologiiu. Moskva: Nasledie, 1997. – 208 с.
3. Brinkerhof D., Ueits R., Ortega S. Aleumettanu negizderi. – Almaty: Ultyk audarma biurosy, 2018 zhyl – 464 b.
4. Kenni E. Batys filosofiiasynyn zhana tarikhy // Kazirgi zaman filosofiiasy. – Almaty: «Ultyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2019. – 420 b.
5. Sho M. N. Khalykaralyk kukyk. – Almaty: «Ultyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2019. – 584 b.

6. *Maiers D., Tuenzh Zh. Aleumettik psikhologiiia. – Almaty: Ul'ttyk audarma biurosy, 2018. – 648 b.*
7. *Griffin R. Menedzhment - Almaty: «Ul'ttyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2018 - 768 b.*
8. *Menkiu G.N., Teilor M.P. Ekonomika. – Almaty: Ul'ttyk audarma biurosy, 2018. – 848 b.*
9. *Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk – Almaty, 2006. – T.15. - 828 b.*
10. *Sakharnyi L.V. Psikholingvisticheskie aspekty teorii slovoobrazovaniia. – Leningrad: LGU, 1985. – 97 s.*
11. *Kazak grammatikasy. Fonetika, sozhasam, morfologiiia, sintaksis - Astana, 2002 - 784 b.*
12. *Aldasheva A. Leksicheskie novoobrazovaniia v sovremennom kazakhskom literaturnom iazyke (na mtaeriale periodicheskoi pechati): avtoref. kand. diss. – Almaty, 1992. – 25 s.*
13. *Krysko V.G. Obshchaia kharakteristika senso-no-pertseptivnykh protsessov. https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pedagog/krysko2/08.php [Paidalanzan uakty: 5.04.2021].*

MPHTI 116.21.51

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7804.02>

*Aldasheva K.S.,¹ Nuryum A.²

^{1,2} *Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

¹ *PhD, Kama_kz89@mail.ru*

² *master student of the 2nd course, arnainuryum@gmail.com*

SEMANTIC PECULIARITIES OF PHRASAL VERBS IN ENGLISH

Abstract

English phrasal verbs are one of the key and difficult parts in English learning. Since the traditional linguistics holds that English phrasal verb is an integral thing that cannot be analyzed, learners can only perform rote tasks of memorization which is time-consuming and inefficient. However, cognitive linguistics holds that the semantics of phrasal verbs and their constituents, verbs and particles, are both prescriptive and analytical. These dual attributes of phrasal verbs require researchers using the relevant theories of cognitive linguistics to analyze the semantics of phrasal verbs, so that learners can master phrasal verbs systematically and efficiently. The research deals with classifications of phrasal verbs into lexico-semantic groups and their further division into subgroups. It is concluded that the adverbial element should be brought more into the limelight as shaping the semantic pattern of the phrasal construction and its functioning in speech.

Keywords: English, phrasal verbs, semantic, idiomatic, semantic analysis

*Алдашева К.С.,¹ Нұрым А.²

^{1,2} *Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

¹ *PhD докторы, Kama_kz89@mail.ru*

² *курс магистранты, arnainuryum@gmail.com*

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗАЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕШЕЛІКТЕРІ